

**"Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен бюджетке төлеудің тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 2 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 15. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
с ә й к е с

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

14. "Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен бюджетке төлеудің тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 24 бұйрығы. -----

Салық заңдарын жетілдіру мақсатында және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар N 2703 U952703\_ Жарлығы шығуына байланысты "Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен бюджетке төлеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 33 V950078\_ Нұсқаулығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізуге және оларды 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне е н г і з у г е б ұ й ы р а м ы н :

1. 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық салынатын табыс жиынтық жылдық табыс пен белгіленген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады. Егер қызметкерлерге берілген материалдық және әлеуметтік игіліктерді ескере отырып еңбекке ақы төлеуге жұмсалған шығындар нормаланған мөлшерден асып кетсе, онда асып кеткен сома салық салынатын табысқа қосылады".

2. 10-тармақтың 1 абзацына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін :

- "Жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге мемлекеттік қоры" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін арнаулы қорлар" деген сөздермен ауыстырылсын;

- "материалдық шығындар" деген сөздерден кейін "жалдау ақысы" деген сөздер қосылсын.

3. 11-тармаққа мынадай өзгертулер енгізілсін:

- 1-абзацтағы "несие үшін" деген сөздерден кейін "теңгемен немесе шетелдік валютамен" деген сөздер қосылсын;

- 2-абзац алынып тасталсын.

4. 14-тармаққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- 2-абзацтағы бірінші сөйлемнің орнына мынадай сөйлем қосылсын: "1995 жылдың 1 шілдесінен кейін сатып алынған және өндірісте тікелей пайдаланылатын технологиялық жабдықтардың амортизациясы пайдаланыла бастаған алғашқы үш жылда негізгі құрал-жабдықтардың тиісті тобы үшін белгіленген нормалар шегінде есептеледі, ал құнының қалған бөлігі үш жыл пайдаланғаннан кейін салық төлеушінің еркі бойынша бұдан кейінгі амортизациялық кезеңнің кез-келген сәтінде шегеріп тасталады";

- мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Құны 40 айлық есепті көрсеткіштен төмен немесе пайдаланылу мерзімі бір жылдан кем және 1995 жылдың 1 шілдесінен кейін пайдалануға берілген құрал-жабдықтар жататын бағасы аз және тез тозатын заттардың құны толығымен шегерімге жатады".

- "ең төменгі айлық жалақының" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіштердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 15-тармақтағы "ең төменгі айлық жалақының" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіштердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 17-тармақтың 2-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктердің күмәнді борыштарға қарсы провизиялар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша белгіленген мөлшерде шегерім жасауға құқығы бар".

7. 18-тармақтағы "... және белгіленген ең төменгі нормаларға сәйкес" деген сөздердің орнына "... және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормаларға сәйкес" деген сөздер жазылсын.

8. 19-тармақтың 4-абзацына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін :

- "жасалатын ай сайынғы қосымша баға белгілеулердің" деген сөздердің

алдынан "1995 жылдың 1 шілдесінен бастап" деген сөздер қосылсын;

- "нәтижелері бойынша" деген сөздерден кейін "салық" деген сөз қосылсын.

9. 32-тармақтағы "... Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге" деген сөздерден кейін "онда салық төлеуші субъект аталған анықтама беріліп отырған органды көрсетіп салық инспекциясы берген, салық төлеуші тұрақты мекеменің тіркеу нөмірі бар анықтама алуы тиіс. Аталған анықтама болмаған жағдайда табыс салығы төлем кезінен ұсталып қалуы тиіс" деген сөздер қосылсын.

10. 44-тармақ мынадай мазмұндағы "б" тармақшасымен толықтырылсын:

б) тіркелген және қызметін арнаулы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін - 20 процент".

"Б" тармақшасы "в" тармақшасы болып есептелсін.

11. 48-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Табыс салығын бас кәсіпорын мен филиалдардың (өкілдіктердің) орналасқан жері бойынша аймақтар арасында бөлудің тәртібі 6-қосымшада көзделген".

12. 50-тармаққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- 2-абзацтағы "ӘАФКЕҚ Орталық комитетінің" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

- мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін арнаулы қорлар есебінен қаржыландырылатын ұйымдар мемлекеттің кепілдігімен қамтамасыз етілген шетелдік несие желілері, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халықаралық ұйымдар желісі бойынша алынған мүлік бойынша".

13. 53-тармаққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгіленген тізбе бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

- мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалардың жиынтық жылдық т а б ы с ы " :

а) оларды бюджеттен тыс "Жаңа астана" қорына жұмсаған жағдайда кәсіпкерлік қызметтен алынған салық салынатын табыстың он процентінен а с п а й т ы н қ а р ж ы л а р ;

б) Ақмола қаласындағы тұрғын үй құрылысына жұмсалған және ағымдағы жылы нысаналы мақсатта нақты пайдаланылған қаржылар сомасына кемітіледі".

14. 54-тармақтағы "маманданған" деген сөз алынып тасталсын, "облыстардың , Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері" деген сөздер "облыстардың, Алматы қаласының әкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 63-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ағымдағы төлемдер жөніндегі есептерді заңды тұлғалар салық қызметі органдарына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күніне дейін (почтамен, шабарман арқылы) жібереді.

Табыс салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу үшін қаржы нәтижесі кезде салық салынған, табыс салығынан, шегеруге жататын салықтар мен шегетін залалдардан босатылған табыстар сомасына кемітіледі.

М ы с а л ы :

Кәсіпкерлік қызметтен келтірілген залал (көзделген шегерімдердің жиынтық жылдық табыстан асып түсуі) 1995 жылы 1500,0 мың теңге құрады, қаңтарда 700,0 мың теңге, ақпанда - 800,0 мың теңге, наурызда - 500,0 мың теңге пайда алынды. Залал қаңтарда және ақпанда алынған 1500,0 мың теңге (700+800) сомасындағы пайдамен толық өтелуіне байланысты наурыз айы үшін төленетін ағымдағы төлем 20 сәуірге дейін төленеді және ставка 30 процент болғанда 150,0 мың теңге (500 x 30) құрайды".

16. 1-Қосымшаға мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- 7-тармаққа "басқа шегерімдер" деген "м" тармақшасы қосылсын;
- 10-тармақтың "б" тармақшасы мынадай мазмұндағы мәтінмен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

" С о н ы ң і ш і н д е :

- мүлікке салынатын салық;
- ж е р с а л ы ғы ;
- көлік құралдарына салынатын салық;
- айыппұлдар, бюджетке есептелетіндерін қоспағанда".

17. N 2 Қосымшаға мынадай өзгертулер енгізілсін:

- 6-тармақтағы бірінші сөйлем мынадай мазмұндағы сөйлеммен ауыстырылсын: "1995 жылдың 1 шілдесінен кейін сатып алынған және өндірісте тікелей пайдаланылатын технологиялық жабдықтардың амортизациясы пайдаланыла бастаған алғашқы үш жылда негізгі құрал-жабдықтардың тиісті тобы үшін белгіленген нормалар шегінде есептеледі, ал құнының қалған бөлігі үш жыл пайдаланылғаннан кейін салық төлеушінің еркі бойынша бұдан кейінгі амортизациялық кезеңнің кез-келген сәтінде шегеріп тасталады".

- 1, 3 және 5-тармақтардағы "ең төменгі айлық жалақының" деген сөздер " айлық есепті көрсеткіштердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. 4-Қосымшадағы "пайда" деген сөз "табыс" деген сөзбен ауыстырылсын.

19. Осы Нұсқаулықтың "Бюджетпен орталықтандырылған есеп айырысу тәртібі" туралы 6-Қосымшасы бекітілсін.

Министрдің бірінші орынбасары

Қаржы министрлігі Бас салық

инспекциясының бастығы салық

қызметінің 1-дәрежелі Мемлекеттік  
кеңесшісі

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Бас салық  
инспекциясының 28.06.95 ж.  
N 33 Нұсқаулығына 6-қосымша

Бюджетпен орталықтандырылған есеп айырысу

Т ә р т і б і

1. Бір заңды тұлғаны құрайтын бас кәсіпорын мен оның филиалдары Z952235\_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 6-бабының 2-тармағына сәйкес бюджетпен есеп айырысу кезінде салықты тұтас заңды тұлға бойынша е с е п т е у і т и і с .

2. Салықтардың аймақтар бойынша тең мөлшерде түсіп тұруы мақсатында жиынтығы бойынша есептелген бюджетке төленетін төлем бюджет түрлері арасында тұтас алғанда заңды тұлға бойынша филиалдардың орналасқан жері бойынша бөлінуі тиіс, яғни бас кәсіпорындар заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысуларды салық салынатын табыс сомасы, соның ішінде оларға бағынысты филиалдардың қаржы нәтижелері бойынша орталықтандырылған тәртіпте 6А-қосымшаға сәйкес жүргізеді.

3. Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша бюджетпен орталықтандырылған есеп айырысулар кезінде бас кәсіпорындар бюджетке заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын, соның ішінде ағымдағы төлемдерді тікелей өзінің есеп айырысу шотынан төлейді немесе банк мекемелерінде есеп айырысу шоттары бар өзінің филиалдарына төлемдер төлеуге тапсырма береді.

Бас кәсіпорындар заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын төлеуді филиалдарға жүктейтін жағдайларда олар төлем мерзімін көрсете отырып, оларға және көшірмесін салық органдарына бюджетке төлемдер төлеуге арналған тапсырыстарды 6Б-қосымшаға сәйкес нысанда жіберуге міндетті.

Бұл ретте салық төлеушілер мен салық органдарының олардың орналасқан жері бойынша тапсырыстарды төлем мерзімі туғанға дейін 5 күннен кешіктірмей алуы қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

Егер заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын төлеуге арналған тапсырыстар төлем мерзімі аяқталғаннан кейін алынған жағдайда заңдармен белгіленген тәртіпте өсім төлеу қолданылады.

Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын төлеуге арналған тапсырыстардың жиынтық тізілімін бас кәсіпорын осы заңды тұлға бойынша бюджетпен есеп айырысуларды бақылайтын салық органына 6В-қосымшаға

4. Бюджетпен орталықтандырылған тәртіпте есеп айырысатын барлық заңды тұлғалар белгіленген мерзімде бюджетке төленетін төлемдерді бақылауды жүзеге асыратын салық органына жиынтық бухгалтерлік есептемелер мен баланстарды, сондай-ақ заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын бюджетке аударудың оларға тікелей бағынысты филиалдарға сараланған есептерін беруге міндетті.

5. Салық төлеушілер салық салынатын табысқа қарай бас кәсіпорынның өзі қосымша есептеген заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының сомасын, салық инспекциясының хабарламасын күтпей-ақ, жылдық жиынтық табыс пен есепті кезеңде жасалған шегерімдер туралы декларация берілген күннен бастап 10 күн өткен соң, бірақ есепті жылдан кейін келетін жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей бюджеттің кірісіне енгізеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Бас салық  
инспекциясының 28.06.95 ж.

№ 33 Нұсқаулығына 6А қосымша

Табыс салығы сомасын заңды тұлғалардың  
бөлімшелері арасында бөлудің

#### Мысалы

Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы мен ағымдағы төлемдерді заңды тұлғалар филиалдарының орналасқан жері бойынша аймақтар арасында бөлу өндірілген өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің), есептелген жалақының және негізгі құрал-жабдықтар құнының көлемі жөніндегі көрсеткіштердің орташа үлес салмағына қарай жүзеге асырылады.

№	Заңды тұлға мен оның бөлімшелері	Өткізу Есеп.  Негізгі Салықты	Негізгі Салықты	Негізгі Салықты	Негізгі Салықты	Негізгі Салықты
		көлемі телген құрал	көлемі телген құрал	көлемі телген құрал	көлемі телген құрал	көлемі телген құрал
		жалақы жабдық ған орташа	жалақы жабдық ған орташа	жалақы жабдық ған орташа	жалақы жабдық ған орташа	жалақы жабдық ған орташа
		тардың  үлесті	тардың  үлесті	тардың  үлесті	тардың  үлесті	тардың  үлесті
		құны  салмақ	құны  салмақ	құны  салмақ	құны  салмақ	құны  салмақ
1.	А л м а т ы					қ а л а с ы н д а
	тіркелген бас кәсіпорын	5% 60%	70%	135%:3=45,0%	67500	
2.	Қарағанды қаласындағы филиал	20% 7%	6%	33%:3=11,0%	16500	
3.	Павлодар қаласындағы филиал	35% 8%	4%	47%:3=15,7%	23550	
4.	Ақтау қаласындағы					

филиал                    25% 5% 9% 39%:3=13,0% 19500

5. Қостанай қаласындағы

филиал                    15% 20% 11% 46%:3=15,3% 22950

Жиынтығы                100% 100% 100% 100% 15000

Табыс салығы мен ағымдағы төлемдерді заңды тұлғалар арасында бөлудің есебін бас кәсіпорын шығарады және ол жылдық декларациямен бірге салық инспекциясына беріледі.

Артық төленген төлемді қайтару да тиісті бюджеттерден орташа үлес салмағы бойынша жүргізіледі.

Б а с                    к ә с і п о р ы н н ы ң

мөртаңбасы

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Бас салық  
инспекциясының  
1995 жылғы 28 маусымдағы N 33  
Н ұ с қ а у л ы ғы н а

6 Б қосымша

Кімге \_\_\_\_\_  
(салық төлеушінің атауы)

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Көшірмесі \_\_\_\_\_  
(салық органының атауы)

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын  
бюджетке төлеуге арналған

Тапсырыс

\_\_\_\_\_ -  
(бас кәсіпорынның атауы)

199 \_\_ жылы заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының мынадай мөлшердегі (мың теңге) сомасын жергілікті банк мекемесі арқылы \_\_\_\_\_ бюджетке аударуды ұсынады:

Көрсеткіштер            | 199 \_\_ жыл    | 199 \_\_ жылдың  
                                  | үшін            | \_\_\_\_\_ (айы) үшін

Заңды тұлғалардан алынатын |                    |  
табыс салығы                    |                    |  
                                          |                    |  
Жиынтығы                        |                    |

Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы сомасының бюджетке мезгілінде және толық аударылуын қамтамасыз етіңіз.

Бас кәсіпорынның басшысы \_\_\_\_\_ (қолы)

Салық инспекциясының бастығы \_\_\_\_\_ (қолы)

Бас кәсіпорынның  
мөртаңбасы

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Бас салық  
инспекциясының 1995 жылғы  
26 маусымдағы N 33 Нұсқаулығына

6 В қ о с ы м ш а

Кімге \_\_\_\_\_  
(салық органының атауы)

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Осы арқылы 199 \_\_ жылға арналған заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын төлеу жөніндегі бюджетпен өзара қарым-қатынастар туралы анықтаманың жиынтық тізілімі жолданып отыр.

Жиынтық тізілім

Филиалдың | Салық салынатын | Табыс салығының | Тапсырыс. | Тапсырыс.  
атауы | табыс (пайда) | сомасы | тар жі. | тардың  
| \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | берілген | жіберіл.  
| жыл | с.і. тоқсандар | жыл | с.і. тоқсандар | салық ор. | ген уақыты  
| ішін | бойын. | ішін | бойын. | ганының | мен  
| де | \_\_\_\_\_ | де | \_\_\_\_\_ | атауы | нөмірі

| | 1 | 2 | 3 | 4 | | 1 | 2 | 3 | 4 | |

\_\_\_\_\_

Бас кәсіпорынның басшысы \_\_\_\_\_ (

қолы)

Салық инспекциясының бастығы \_\_\_\_\_ (қолы)